

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕҢЕС

ЕУРОПА ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОМИССИЯСЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Қоршаған ортаны қорғау және білім министрліктері өкілдерінің
жоғарғы деңгейдегі кеңесі
(Вильнюс, 2005 жылғы 17-18 наурыз)
(Күн тәртібіндегі 5 және 6 мәселелер)

БҰҰ ЕЭК-ның ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ жоғарғы деңгейдегі кеңесте қабылданған

Мәселенің бағдары

Біздің болашаққа бағдарымыз – бұл аймақтың адамдар, елдер және ұрпақтар арасындағы бірліктің, теңдік пен өзара сыйластықтың бірыңғай құндылықтарына бағдарлануы. Мұндай аймаққа тұрақты даму, оның ішінде экономикалық өміршеңдік, әділдік, әлеуметтік тұтастық, болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне зиян келтірместен, бүгінгі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттыру¹ үшін қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану тән.

Білім алу адам құқықтарының² бірі болып табылуымен қатар, тұрақты дамуға қол жеткізудегі алғышарттардың бірі және тиімді басқару, негізделген шешім қабылдау мен демократияны дамытудың маңызды құралы болып табылады. Сондықтан, тұрақты даму мүддесінде білім беру біздің ұстанған бағдарымызды іске асыруға ықпал ете алады. Тұрақты даму мүддесінде білім беру жеке адамдардың, топтардың, қауымдастықтардың, ұйымдар мен елдердің өзіндік пікірін қалыптастыруға және тұрақты даму мақсатында таңдау жасауға мүмкіндік беретін әлеуетін дамытады және нығайтады. Ол адамдар көзқарасының өзгеруіне ықпал етеді, оларға дүниені барынша қауіпсіз, салауатты етуге және гүлдендіруге мүмкіндік беру арқылы өмір сүру сапасын жоғарылатады. Тұрақты даму мүддесінде білім беру сындарлы ойлауды қамтамасыз етеді және хабардарлықты жоғарылатуға, сондай-ақ мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етеді, ал бұл жаңа тәсілдер мен тұжырымдамалар әзірлеу мен оларды жүзеге асырудың жаңа әдістері мен құралдарын дамытуға мүмкіндік береді.

Кіріспе

1. Стратегияны әзірлеу қажеттілігі БҰҰ ЕЭК аймағындағы қоршаған орта министрлерінің «Қоршаған орта Еуропа үшін» атты бесінші Конференциясында (Киев, 2003 жылғы мамыр) жасаған мәлімдемесінде айқындалды. Стратегияда аймақта, сондай-ақ дүние жүзінде жинақталған тәжірибе көрініс тапты. Сонымен қатар бұл - білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) дайындаған Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мүддесінде білім берудің онжылдығын жүзеге асыру жоспары жобасының негізгі ережелеріне қосылған үлес, оларға толықтай сәйкес келеді және

¹ Сонымен қатар қар. «Біздің ортақ болашағымыз» Қоршаған ортаны қорғау және даму жөніндегі халықаралық комиссия, 1987 жыл.

² Сонымен қатар қар. Тұрақты даму мақсатында білім беру туралы мәлімдеме; «Қоршаған орта Еуропа үшін» атты министрлердің бесінші конференциясы, Киев, 2003 жыл.

аймақтық деңгейде Онжылдықты өткізуге және тұрақты даму бойынша жоғарғы деңгейдегі Дүниежүзілік кездесудердің шешімдерін жүзеге асыруға негіз болуға тиіс.

2. Стратегия серіктестік процестері негізінде әзірленді, оған БҰҰ ЕЭК аймағындағы үкіметтер, білім беру мекемелері, ҮЕҰ және басқа да мүдделі ұйымдар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар қатысты.

3. Осы стратегия тұрақты даму мүддесінде білім беруге (ТДБ) және осы процесті БҰҰ ЕЭК аймағында ынталандыруға ықпал етуге тиіс, осы арқылы біздің ортақ бағдарымызды іске асыруға өз үлесін қосады.

4. БҰҰ ЕЭК аймағына мәдениеті барынша әр алуан және әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлары әртүрлі елдер кіреді. Тұрақты дамудың келешегі өмір салтын өзгертуге, тұтыну мен өндіріс құрылымын өзгертуге тікелей байланысты, сонымен қатар ол кедейшілік ауқымын азайту маңызды міндет болып отырған елдердің қажеттіліктерін ескеруге негізделген.

5. Стратегияны жүзеге асыру үшін аймақта барлық алғышарттармен қатар, оны іске асыруға деген қажеттілік те бар. Осы аймақтың көптеген елдерінде кәсіби педагогтар тартылған білім беру жүйелері қалыптастырылған, бастауыш білім беру жүйесі қамтамасыз етілген және барлық азаматтардың білім алуға деген теңдей құқығы сақталған, сауаттылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізілген, ғылыми әлеует қалыптастырылған және азаматтық қоғамның қатысуы қарастырылған. Алайда ТДБ принциптерін тиімді жүзеге асыру жаңа міндеттерді орындауды қажет етеді. ТДБ-ның пәнаралық сипатын ескере отырып, білім беру жүйесінің деңгейін жоғарылату, азаматтық қоғамды кеңінен қатыстыру және тиісті институционалдық және материалдық-техникалық қолдауды жұмылдыру қажет.

I. МАҚСАТ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР

6. Осы Стратегияның мақсаты ресми білім беру жүйелеріне барлық оқу пәндері аясында, сондай-ақ ресми емес білім беру және оқу-ағарту жүйелеріне ТДБ-ны енгізу мен оны дамытуға БҰҰ ЕЭК-на мүше елдерді ынталандыру болып табылады. Бұл адамдардың тұрақты даму саласында білім мен арнайы дағды алуына мүмкіндік береді, олардың біліктілігін және өздеріне деген сенімділігін жоғарылатады, табиғатпен үйлесімді³ салауатты және жемісті өмір сүру, әлеуметтік құндылықтар, әйел мен ерлер теңдігі және мәдени әр алуандыққа қамқорлық жасау мүмкіндіктерін кеңейтеді.

7. Стратегияда аталған мақсаттың жүзеге асырылуына айтарлықтай үлес қосатын мынадай міндеттер қойылады:

а) саясат тетіктерінің, нормативтік-құқықтық базаның және ұйымдық негіздердің ТДБ үшін тұғырнама болуын қамтамасыз ету;

в) ресми және ресми емес оқыту мен оқу-ағарту жұмыстары арқылы тұрақты дамуға ықпал ету;

с) педагогтардың жүргізетін пәндеріне тұрақты даму мәселелерін енгізуіне мүмкіндік беретін білім алуы;

³ Қоршаған ортаны қорғау және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясында адамдарға қамқорлық жасау тұрақты дамуды қамтамасыз ету жөніндегі шараларда басты орын алатыны және адамдардың табиғатпен үйлесімді салауатты және саналы өмір сүруге құқығы бар екені мәлімделінген (сонымен қатар қар. Шешімдерді орындау жоспары, Тұрақты даму бойынша жоғары деңгейдегі бүкіл әлемдік кездесулер. БҰҰ, 2002 жыл).

- д) ТД мақсатында білім беру бойынша оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдардың қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- е) ТДБ саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге және ТДБ-ны дамытуға ықпал ету;
- ж) БҰҰ ЕЭК аймағы шегінде ТДБ саласындағы ынтымақтастықты барлық деңгейде нығайту.

II. ҚАМТИТЫН АУМАҒЫ

8. Стратегияны БҰҰ ЕЭК-ға мүше – мүдделі елдер қабылдайды. Аймақ шегінен тысқары орналасқан мемлекеттер де осы Стратегияны қолдауға шақырылады.

9. Стратегия үкіметтерге бағытталған; онда педагогтардың және басқа да мүдделері тараптардың қатысуымен білім беру және оқыту жүйелеріне тұрақты даму мәселелерін енгізу жөніндегі саясатты әзірлеуге және іс-шаралар дайындауға қатысты негіздемелер мен ұсыныстар берілген. Тұрақты даму мүддесінде білім беру кезінде жергілікті, ұлыстық, ұлттық және аймақтық жағдайларды ескеру қажет болатындықтан, ол әр мемлекетке және білім беру саласына байланысты тұрақты дамудың түрлі аспектілерін көрсетуге мүмкіндік береді. Елдердің нақты қажеттіліктері мен жағдайлары ескеріле отырып қабылданған басымдықтары мен бастамалары Стратегияны жүзеге асыруға ықпал ететінін ескерсек, онда аталған аймақта орналасқан елдер үшін Стратегия қолайлы негіз болады.

10. Стратегия ведомствоаралық⁴, көп жақты ынтымақтастық пен серіктестікке қолдау көрсетеді, осы арқылы ТДБ-ға материалдық және адам ресурстарын тартуды көздейді.

11. Стратегия құрамына «Жалпыға арналған білім: біздің ортақ міндеттемелерімізді орындау»⁵ атты құжаттың негізгі ережелері енгізілді.

12. Стратегияда табиғатты қорғау және коммуникациялар, білім, жұртшылықтың белсене қатысуы және олардың хабардарлығын жоғарылату саласындағы көп жақты және басқа да келісім-шарттардың ережелерін жүзеге асыруға қолдау көрсетіледі. Сонымен қатар, ол қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясының *10-қағидатын*, Орхус Конвенциясын⁶, Біріккен Ұлттар Ұйымының мыңжылдық декларациясының даму мақсаттарын⁷ және сапалы білім беру тұжырымдамасын⁸ жұртшылықтың қатысуын және олардың алдында есеп беруді, сондай-ақ адамдардың мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейтін шешімдер қабылдау процесінің ашықтығын арттыру жолымен іске асыруға қолдау көрсетуге тиіс.

III. ПРИНЦИПТЕРІ

13. «Тұрақты даму» (ТД) ұғымының өзгермелі мағынасын қарастыру қажет болып отыр. Сондықтан қоғамның тұрақты дамуын білім берудің, дұрыс жауаптары мен шешімдері тәжірибе жинақталған сайын өзгеріп отыратын проблемалар мен екі ұдай тұжырымдарды зерттеудің үздіксіз процесі ретінде түсіну керек. ТДБ шеңберінде оқытудың мақсаты білім

⁴ Мемлекеттік органдар арасындағы ынтымақтастық.

⁵ Дакар іс-қимыл шектеулері, ЮНЕСКО, 2000 жыл.

⁶ БҰҰ ЕЭК ақпаратқа қол жеткізу, жұртшылықтың шешім қабылдау процесіне қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша әділдікке қол жеткізу жөніндегі конвенциясы, Орхус (Дания), 1998 жыл.

⁷ Біріккен Ұлттар Ұйымының мыңжылдық декларациясы, Бас Ассамблея, 8-ші жалпы мәжілісі, 2000 жыл.

⁸ Білім министрлерінің бірлескен коммюникесі, ЮНЕСКО-ның 32-Бас конференциясы, 2003 жыл.

аясын кеңейтуді, арнайы дағдыларды, ой-өрісті дамытуды, өмірлік ұстанымдар мен құндылықтарды қалыптастыруды көздейді.

14. ТДБ өзара байланысты экологиялық, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды қамтитын жан-жақты және кең ауқымды тұжырымдама ретінде қалыптасуда. Ол дамудың кең ауқымды мәселелеріне бағдарланып отырған экологиялық білім беру тұжырымдамасын кеңейтеді. Сонымен қатар ТДБ даму проблемалары бойынша білім берудің түрлі элементтерін және білім берудің басқа да тақырыптық элементтерін қамтиды. Сондықтан тұрақты даму мүддесінде білім беруге кешенді көзқарас аясында экологиялық білім беруді одан әрі дамыту және басқа салаларда білім берумен толықтыру қажет.

15. ТД-ның басты тақырыптары, атап айтқанда, кедейшілік ауқымын азайту, азаматтық, бейбітшілік, әдептілік, жергілікті және ғаламдық тұрғыдағы жауапкершілік, демократия және басқару, әділдік, қауіпсіздік, адам құқығы, денсаулық сақтау, әйелдер мен ерлер теңдігі, мәдени әр алуандық, ауылдық және қала аудандарын дамыту, экономика, өндіріс және тұтыну құрылымдары, корпоративтік жауапкершілік, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды басқару, биологиялық және ландшафттық әр алуандылық⁹ болып табылады. ТДБ шеңберінде осыншалық түрлі тақырыптарды қарастыру *тұтастық тәсілдерін* қолдануды қажет етеді¹⁰.

16. ТДБ жүзеге асыру барысында мындай салалар: бастауыш білім беру жүйесін жетілдіру, білім беруді тұрақты даму бағытында қайта бағдарлау, халықтың ақпараттық белсенділігін жоғарылату және кәсіби даярлыққа ынталандыру қарастырылуға тиіс¹¹.

17. ТДБ шеңберінде әр халықтың мәдениетін құрметтеуге және түсінуге тәрбиелеу, сондай-ақ олардың үлестерін жарыққа шығарып отыру қажет. Байырғы халықтың рөлін мойындау және оларды серіктес ретінде білім беру бағдарламасын әзірлеу ісіне тарту қажет. Дәстүрлі білімнің маңызын бағалай отырып, оны ТДБ-ның құрамдас бөлігі ретінде сақтау қажет.

18. Барлық деңгейдегі оқушыларда жергілікті және ғаламдық проблемаларды қамтитын жүйелі, сындарлы және шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіруді және олардың өмірге көзқарасын қалыптастыруды ынталандыру қажет; мұның бәрі тұрақты даму мүддесіндегі қызмет үшін қажетті шарт болып табылады¹².

19. ТДБ – бұл сәби кезден бастап жоғары білім және ересектерге арналған білім алғанға дейін өмір бойы жалғасатын процесс және оның ауқымы ресми емес білім беру шегінен кең. Құндылықтар жүйесі, өмір сүру салты және өмірлік ұстанымдар ерте жаста қалыптасатындықтан, балаларға білім берудің маңызы зор. Өмір бойы түрлі міндеттерді орындау барысында оқып-білім алатынымызды ескерсек, ТДБ-ды өмір салаларының барлық элементтерін қамтитын процесс ретінде қарастыру қажет. Оны кәсіби білім беруді, педагогтар даярлау және мамандар мен басшыларға арналған үздіксіз білім беруді қоса алғандағы барлық деңгейдегі оқу бағдарламаларына енгізуге қол жеткізу қажет.

20. Жоғары білім беру тиісінше білім деңгейін және біліктілігін қалыптастыру барысында ТДБ-ға айтарлықтай үлес қосуға тиіс.

⁹ Сонымен қатар қараңыз: Тұрақты даму мақсатында білім беру онжылдығын жүзеге асыру жоспары жобасының негізгі ережелері, ЮНЕСКО, 2003 жыл.

¹⁰ Сонымен қатар қараңыз: Тұрақты даму мақсатында білім беру туралы мәлімдеме.

¹¹ Сонымен қатар ХХІ ғасырға арналған күн тәртібін қараңыз.

¹² Сонымен қатар Тұрақты білім беру мақсатында білім беру туралы мәлімдемені қараңыз.

21. ТДБ барысында ғаламдық және жергілікті мүдделер арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізе отырып жергілікті, ұлттық және аймақтық, сондай-ақ ғаламдық жағдайларды ескеру керек.

22. ТДБ білім берудің қол жетімділігін арттыру және оның сапасын жоғарылату арқылы ауылдық және қалалық аудандардың дамуына үлес қосар еді. Бұл ауылдық елді мекендер халқына айрықша пайдалы болары сөзсіз.

23. Этикалық аспектілерді, оның ішінде теңдік, қазіргі және келешек ұрпақтың бірлігі мен өзара байланысы, сондай-ақ адам мен табиғат, кедейшілік пен байлық арасындағы өзара байланыс мәселелерін қарастыру тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі өзегі болып табылады, сондықтан оның ТДБ үшін маңызы зор. Жауапкершілік сезімін этикадан бөліп қарауға болмайды, сондықтан оның ТДБ үшін практикалық маңызы зор.

24. Тұрақты даму мүддесінде ресми білім беру мазмұнында жинақталған әлеуметтік тәжірибе мен мектептен тыс жұмыс үйлесімділікте болуға тиіс. ТДБ тартылған педагогтар¹³ бір жағынан, осы процеске ықпал етуде және оқушылар мен студенттер арасындағы сұхбаттасуды кеңейтуде және екінші жағынан – билік пен азаматтық қоғам¹⁴ арасындағы сұхбатты кеңейтуде маңызды рөл атқарады. ТДБ-ның бұл бағыты білім беру жүйесінің қоғамнан оқшаулануын жоюға мүмкіндік береді.

25. ТДБ қарым-қатынас жасауда және шешім қабылдау процесінде өзара сыйластық мәдениетін дамытуды көздейді, сондықтан оқытудағы басты назар тек ақпарат беруден белсенді оқыту әдістерін барынша кеңінен енгізуге қарай ойысады. Осы тұрғыдан алғанда ТДБ саясатты қалыптастыруға және пікір алысу негізінде және кешенді тұрғыдан шешім қабылдауға үлес қосатынын мойындау керек. Сонымен қатар ТДБ-ның жұртшылықтың қатысуына негізделген демократиялық бастамалардың дамуы мен нығаюындағы рөлін, атап айтқанда, оның жергілікті «XXI ғасырдың күн тәртібі» бағыты бойынша қоғамдағы дау-жанжалдарды шешуге және әділдікке қол жеткізуге үлес қосатынын ескеру қажет.

26. ТДБ үшін көп жақты қарым-қатынас және серіктестік орнату қажет. Үкімет және жергілікті басқару органдары, білім және ғылым секторлары, денсаулық сақтау секторы, жеке меншік сектор, өнеркәсіп, көлік және ауыл шаруашылығы, кәсіподақ, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, түрлі қауымдастықтар, жергілікті халық және халықаралық ұйымдар оның негізгі субъектілері болып табылады.

27. ТДБ-де көпжақты табиғат қорғау келісімдері және тұрақты дамуға қатысты тиісті халықаралық келісімдер көрініс табуы қажет.

IV. БІЛІМ БЕРУГЕ ТИГІЗЕТІН ЫҚПАЛЫ

28. ТДБ басты назарды біліммен қамтамасыз етуден проблеманы пысықтауға және оны шешу жолдарын іздеуге аударуды қажет етеді. Осылайша, білім беруде жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту дәстүрін жалғастыра отырып, нақты өмірдегі жағдайларды жан-жақты және пәнаралық тұрғыда талдау мүмкіндіктерін ашу қажет. Осының барлығы да оқу бағдарламалары құрылымының және оқыту әдістерінің өзгеруіне ықпал етуі мүмкін, ол оқытушылардың - тек білім беруші буын рөлінен, ал оқушылардың тек білім алушы рөлінен бас тартуын қажет етеді. Мұның орнына олар бірлесіп әрекет етуге тиіс.

¹³ Мұғалімдер, лекция оқытындар, нұсқаушылар және педагогикалық қызметпен шұғылданатын барлық басқа да мамандар, сондай-ақ ерікті негізде жұмыс істейтін тәрбиешілер педагогтар болып табылады.

¹⁴ Сонымен қатар Тұрақты даму мақсатында білім беру туралы мәлімдемені қараңыз.

29. Ресми білім беру мекемелері білім беру және өмірлік ұстаным мен мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал ету арқылы ерте жаста бала қабілетінің дамуында маңызды рөл атқарады. Барлық оқушылар мен студенттердің ТД туралы тиісті білім алуын және тұрақты дамуға қайшы келетін шешімдердің әсері туралы хабардар болуына қол жеткізудің маңызы зор. Оқушылар мен студенттерді, оқытушыларды, әкімшілерді және басқа да қызметкерлерді, сондай-ақ ата-аналарды қоса алғанда, кез келген білім мекемесі ТД принциптерін басшылыққа алуға тиіс.

30. ТДБ шеңберінде ресми емес білім беру және оқу-ағарту саласындағы қызметке кеңінен қолдау көрсетудің маңызы зор, өйткені ол ресми білім беруді толықтыратын, ересектерді оқытудағы маңызды элемент болып табылады. ТД мақсатында ресми емес білім беру зор рөл атқарады, өйткені ол көп жағдайда оқушылардың қажеттіліктеріне барынша бейімделуге, оқытудың белсенді әдістерін қолдануға және өмір бойы дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Жұмыс орындарында білім алу жұмыс берушілердің де жалданып жұмыс істеушілердің де кәсіби жағынан өсуіне ықпал етеді. Осыны ескере отырып, ТДБ-ның барлық түрлеріне тартылған түрлі субъектілер арасындағы қарым-қатынасты мойындау және қолдау керек.

31. Педагогтардың бастапқы кәсіби даярлығына және оларды тиісінше қайта даярлау мен олардың тәжірибе алмасуына жағдай туғызудың ТДБ-ны ойдағыдай жүзеге асыру үшін маңызы аса зор. Тұрақты даму тақырыбында, атап айтқанда, өз қызметі саласына қатысты ТД аспектілері туралы барынша хабардар болу және білімдер болуы арқылы педагогтар үлкен тиімділікпен жұмыс істей алады және жеке басының үлгісінде оқыта алады. Кәсіби даярлықты ТД саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиісті нәтижелерімен де тығыз байланыстыру қажет.

32. ТДБ саласында оқытудағы, сондай-ақ оқушылардың білімді игеруіндегі жетістіктер көп жағдайда оқу-әдістемелік материалдардың мазмұнына, сапасына және олардың жеткілікті мөлшерде болуына байланысты болады. Алайда осындай материалдар барлық елдерде жоқ. Бұл проблема ресми білім берудің барлық секторлары үшін, сондай-ақ ресми емес білім беру және оқу-ағарту жұмыстары үшін өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан осындай материалдарды әзірлеу және көбейту үшін айтарлықтай күш салу керек. Ресми және ресми емес білім беру жүйелерінде қолданылатын оқу-әдістемелік материалдар мазмұнының бірдей болуын қолдау қажет, бұл ретте олардың ТД тақырыбына сәйкестігін және жергілікті жерлерде жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету міндеті тұр.

33. ТДБ тиімді болу үшін ол:

а) екі аспектіде: i) ТДБ тақырыптарын барлық пәндерге, бағдарламалар мен курстарға енгізу арқылы; және ii) нақты тақырыптық бағдарламалар мен курстар бойынша сабақтар ұйымдастыру арқылы қарастырылуға;

б) салиқалы мінез-құлықты, атап айтқанда, білім беру мекемелерінде, жұмыс орнында, отбасында және қоғамда салиқалы тәрбиені қалыптастыруға ықпал ететін оқытудың оң тәжірибесіне ерекше көңіл бөлуге;

с) педагогтар мен басқа да мүдделі тараптар арасындағы өзара ынтымақтастық пен серіктестікті нығайтуға көңіл бөлу. Білім беру процесіне жеке меншік секторы мен өнеркәсіптің кеңінен қатысуы технологияның қарқынды дамуына және еңбек жағдайының өзгеруіне байланысты туындайтын проблемаларды шешуге ықпал ететін болады. Оқу процесі мен қоғамдық өмір арасында тығыз байланыс орнату оқушыларға қосымша практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік береді;

д) табиғи және антропогендік жолмен өзгеріске ұшыраған қоршаған ортаны қарастыру негізінде өмірлік циклді түсіндіру және қоршаған ортаға тигізетін ықпалға,

сонымен қатар оның әлеуметтік-экономикалық салдарына ерекше көңіл бөлу арқылы ғаламдық, аймақтық, ұлттық және жергілікті экологиялық проблемаларды түсінуге ықпал ету;

е) оқыту әдістерінің кең ауқымын қолдану, атап айтқанда, белсенді әдістерді, нақты процестерге және шешім табуға бағытталған, оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделген әдістерді қолдану қажет. Дәстүрлі әдістермен қатар, пікірталас, тұжырымдық карталар және қабылдау картасын жасау, дүниені философиялық тұрғыдан түсіну, құндылық категорияларын түсіндіру, рөлдік және имитациялық ойындар, даму сценарийлерін дайындау, модельдеу, ойындар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), тексеру, тақырыптық зерттеулер, экскурсиялар және сыныптан тыс оқыту, оқушылар орындайтын жобалар дайындау, озық тәжіибені талдау, өндірісте алынған тәжірибені зерделеу және мәселені шешу сияқты әдістерді қолдану;

ж) әдіснамалық, педагогикалық және дидактикалық басылымдар, оқулықтар, көрнекі құралдар, кітапшалар, тақырыптық зерттеулер және озық тәжірибе мысалдары, электрондық, аудио- және бейнеқұралдар сияқты қажетті оқу материалдарымен жабдықтау қажет.

34. Үкімет ресми емес білім беру мен оқу-ағарту жұмыстарына қолдау көрсетуі қажет, өйткені хабардар азаматтар және ақпаратпен таныс тұтынушылар өз таңдауы және іс-әрекеті, оның ішінде жергілікті «XXI ғасырдың күн тәртібін» таңдауы арқылы тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асырудың маңызды факторы болып табылады.

35. Ресми емес білім беру мен оқу-ағарту жұртшылықтың хабардарлығын арттыру бағдарламаларын қоса алғанда, жергілікті және ғаламдық деңгейде, оның ішінде келешектегі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемалар арасындағы байланысты барынша терең түсіндіруді қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс. Қоғамдастықтар, отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары және ҮЕҰ жұртшылықтың ТД жөніндегі хабардарлығын арттыратын маңызды субъектілер болып табылады.

36. Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) азаматтық қоғамның құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту процестеріне ықпал ететін, сондай-ақ ғылыми білім мен деректерді түсінуге жеңіл ақпарат түрінде қорыту мен өңдеуді қамтамасыз ететін оқу-ағарту және ресми емес білім беру шеңберінде игерілетін білімнің маңызды көзі болып табылады. Оның Үкімет пен жалпы жұртшылықты байланыстырушы ретіндегі рөлін тану керек, олардың қызметін ынталандырып, қолдау көрсету қажет. ҮЕҰ, мемлекеттік ұйымдар және жеке меншік секторы арасындағы серіктестік ТДБ-ны айтарлықтай толықтыра түседі.

37. Бұқаралық ақпарат құралдары – тұтыну мен өмір сүру салтын таңдау бағдарындағы қуатты күш, бұл әсіресе балалар мен жастарға қатысты. Олардың «ноу-хау» және тұрақты даму мәселелері бойынша сенімді ақпарат беру және маңызды хабар тарату арналарын жұмылдыру басты міндет болып табылады.

38. Еңбекшілердің барлық санаттары жергілікті, аймақтық және ұлттық деңгейде тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлес қоса алады. ТД-ға ықпал ету мақсатында мамандар мен басшылардың білім алуы мен дағдыларды игеруі үшін арнайы кәсіби даярлау бағдарламаларын әзірлеу тұрақты даму мақсатында білім берудің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде анықталған¹⁵.

¹⁵ Тұрақты жаму мақсатында білім беру онжылдын жүзеге асыру жоспары жобасының негізгі ережелері

39. Осылайша, кәсіби және үздіксіз білім беру барынша маңызды рөл атқарады, осыған байланысты бұл басшылар және барлық мамандар үшін, және бірінші кезекте жоспарлау және басқару мәселелерімен айналысатын адамдар үшін ұйымдастырылуға тиіс. Ол ТД туралы білімді қалыптастыру мен хабардар болуға бағытталуға тиіс. Үздіксіз білім беру екі негізгі салаға жіктеледі: а) білім деңгейін және арнайы дағдыларды жоғарылату; және в) басқа мамандықтар бойынша және басқа жағдайларда жұмыс істеуге қажетті жаңа білім алу. Үздіксіз білім беру саласы мүдделі тараптар және тұтастай алғанда қоғам арасындағы ынтымақтастық өз жемісін беретін салалардың бірі болып табылады.

40. Даярлық бағдарламаларына ТД-дың түйінді тақырыптарын енгізу қажет, сонымен қатар оларда түрлі мамандық иелеріне деген қажеттілікті және олардың жұмыс саласы үшін осы тақырыптардың өзектілігін ескеру қажет. Нақты бейіндегі мамандардың міндеттеріне және олардың қызметінің әлеуметтік-экономикалық жағдайға және қоршаған ортаның жай-күйіне әсерін қарастыратын пәндерге ерекше көңіл бөлу қажет.

41. ТДБ барынша тұрақты қоғам құруға бағытталған өзгерістер бағдарламасына енуі үшін білім берудің өзі қайта құрылуға тиіс. ТДБ-ға оң ықпал ететін ғылыми зерттеулер кеңінен жүргізілуіне тиіс. Ғылыми зерттеулер мен әзірленімдер саласындағы мүдделі тараптар арасында проблеманы айқындаудан бастап жаңа біліммен жұмыс істеу және оны халыққа жеткізу мен пайдалану сатысында тығыз қарым-қатынас пен серіктестік орнату қажет. Ғылыми зерттеулер мен әзірленімдердің нәтижелерімен жергілікті, аймақтық және ғаламдық деңгейде алмасу және олардың білім беру жүйесінің және практикалық қызметтің түрлі сатыларында қолданылуын қамтамасыз ету қажет.

V. ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ НЕГІЗІ

1. Ұлттық/мемлекеттік деңгейде жүзеге асыру

42. Әрбір ел осы Стратегияны жүзеге асыру үшін жауаптылықта болады. Бүкіл білім беру жүйесі шеңберінде ТД принциптерін қолдану үшін басқарудың барлық деңгейлерінде белсенді саяси қолдау көрсетуді қажет етеді. Осы мақсатта барлық мемлекеттерге Стратегияны өздерінің ресми тіл(дер)іне және қажет болған жағдайда, аз ұлттар тілдеріне аудару , сондай-ақ оны тиісті үкімет органдары арасында тарату және үйлестірушіні тағайындау ұсынылады.

43. Стратегияны тиімді жүзеге асыру оның ережелерін жоспарлау, инвестициялық қызмет және мемлекетті басқару және жергілікті басқару органдарының стратегиясына білім берудің барлық деңгейлеріне және білім беру мекемелері мен ұйымдарының барлық нысандарына енгізу қажеттілігін туғызады. Сонымен қатар Стратегияны жүзеге асыру барысында басқа да мемлекеттік, екі жақты және көпжақты бастамаларды үйлестіру және сындарлы қарым-қатынас орнатуды қамтамасыз ету қажет. Құқықтық, экономикалық және коммуникациялық құралдар әрбір мемлекеттің нақты жағдайларына бейімделуге тиіс. Осылайша елдер стратегияның тиісті ережелерін өз заңнамасына, саясатына және ұйымдастыру мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асыратын болады.

44. Мемлекеттер ТДБ шеңберінде одан әрі жүзеге асыру үшін халықаралық табиғат қорғау және өзге де тиісті келісімдерде бекітілген қарым-қатынас орнату, білім беру және жұртшылықтың қатысу нысандарына, сондай-ақ хабардар болуды жоғарылатуға қатысты қолданыстағы міндеттемелерін белгілеуге тиіс.

45. Білім беру секторында қызметі әр мемлекетте әр түрлі нормативтік-әкімшілік жүйелермен регламенттелетін көптеген субъектілер жұмыс істейді. Бұдан басқа, ол түрлі

әлеуметтік топқа жататын әр жастағы адамдарға арналған. Басты міндет сенім білдіру, қоғамның барлық топтарының мүддесін есепке алу және өзара толықтыру, сондай-ақ өзін-өзі көтермелеу принциптері негізінде білім беру саясатын қалыптастыру және оның ұйымдық негізін қалау процесін реформалау болып табылады. Ресми және ресми емес білім беру мен оқу-ағарту жұмыстарына жауапты тұлғалардың осы стратегияны жүзеге асыруда мемлекеттік биліктің басқа да тиісті органдарымен қарым-қатынас жасауының маңызы зор.

46. Ұтымды басқарудың маңызды тетігі ретінде барлық тиісті мемлекеттік органдардың ынтымақтастығын, ортақ жауапкершілігін және олардың жетекші рөлін мойындау керек және оларды нығайту қажет. Атап айтқанда, білім және қоршаған орта министрліктері ынтымақтаса отырып саясатқа, ресми білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі бағдарламалар мен оқу жоспарларына ТД проблемаларын енгізуге бастамашылық жасау және одан әрі кірігуін қолдау жөніндегі жұмыстарды басқарып, Стратегияның жүзеге асырылуына баға беріп отыруға тиіс. Сонымен қатар мемлекеттік биліктің басқа да органдарымен және мүдделі тараптармен, атап айтқанда, экономиканың дамуына жауапты органдармен тығыз және тиімді қарым-қатынас орнату қажет.

47. Стратегияны мемлекеттік деңгейде жүзеге асыруды үйлестіру үшін, сондай-ақ ақпарат алмасу және түрлі субъектілердің қатысуымен¹⁸ саясатты қалыптастыру. Бқтимал шешімдердің бірі тұрақты даму жөніндегі кеңестердің немесе түрлі секторлардағы мамандарды біріктіретін басқа да тиісті органдардың қолдауымен «ТДБ-ның ұлттық тұғырнамасын» қалыптастыру болып табылады.

48. Стратегияны жүзеге асырудың шешуші элементтерінің бірі Ұлттық¹⁹ (мемлекеттік) іс-қимыл жоспары болуға тиіс. Әрбір мемлекет Ұлттық іс-қимыл жоспарының жобасын дайындау үшін жауапкершілік жүктелетін ұйымдарды тағайындау жөнінде шешім қабылдау қажет.

49. Ұлттық іс-қимыл жоспары қоғамның барлық топтарының қатысу принциптеріне негізделген тұрғыдан әзірленуге тиіс. Осылайша, барлық тиісті мүдделі тараптарды тарту қамтамасыз етілуге тиіс. Елде қалыптасқан нақты ахуалды есепке алу қажет. Әр мемлекет Стратегияның басымдықтары мен оны жүзеге асыру кестелерін өз қажеттіліктері, саясаты мен бағдарламалары тұрғысынан анықтауға тілек білдіруі мүмкін екенін ескерсек, осы тараудың ережелері аталған жұмысты жүргізуге бағдар болар еді. Ұлттық іс-қимыл жоспарларында стратегияны жүзеге асырудың міндеттері, қызмет түрлері, іс-шаралар, алдын ала жасалған жұмыс кестесі, жүзеге асыру қаражаты және бағалау құралдары қарастырылуға тиіс.

2. Қызмет ету саласы

Саясат тетіктері, нормативтік-құқықтық база және ұйымдық негіздер ТДБ-ны ынталандыру үшін тірек болуын қамтамасыз ету

50. Саясат, заңнама, ұйымдық негіздер және оқу жоспарлары ТДБ-ны қамтуға және оған негіз болуға тиіс. Мыналар: білім берудің барлық деңгейінде ТДБ жөніндегі негізгі құжаттарды қабылдау; ведомствоаралық және көпжақты ынтымақтастықты дамытуды ынталандыру, қажет болған жағдайда оның консультациялық тетіктерін құру; ТД

¹⁸ Бірқатар елдерде «білімді басқару» тәсілі енгізілген.

¹⁹ Мемлекеттік басқару құрылымы федеративтік елдер үшін ұлттық жоспарларға қатысты барлық сілтемелер мемлекеттің жоспарына немесе қажетті жағдайларда оның құрамына кіретін субъектілердің жоспарына қатысты.

принциптерін жоғары білім берудің барлық деңгейдегі оқу бағдарламалары мен арнайы курстарға, атап айтқанда, оқытушыларды бастапқы даярлау процесіне енгізу; оқу орындарын басқаруды ТД бағытта отырып білім беру саласының материалдық базасын жақсарту; сондай-ақ пәнаралық, әрі арнайы зерттеулер шеңберінде жаратылыстану, экономикалық, саяси және қоғамдық ғылымдар арасындағы байланысты нығайту осы мақсатқа қол жеткізудің құралы болып табылады. Пәнаралық, көп пәндік және арнайы зерттеулер жүргізу кезінде тиісті теңгермелік қамтамасыз етілуге тиіс.

Ресми және ресми емес білім беру мен оқу-ағарту жұмыстары шеңберінде ТД-ны ынталандыру

51. Ресми білім беру мекемелері шеңберінде, сондай-ақ қауымдастық, отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары және ҮЕҰ арқылы жұртшылықтың ТД туралы хабардарлығын жоғарылатуды қолдап отыру қажет.

52. Тұрақты даму саласындағы кәсіби шеберлікті шыңдау мен білімді толықтыруды тұрақты негізде жүргізу қажет, осы арқылы ол адамдарды, оның ішінде мемлекеттік басқару, жеке меншік секторы, өнеркәсіп, көлік және ауыл шаруашылығы сияқты секторларда жұмыс істейтін қызметкерлерді қоса алғанда, адамдарды өмір бойы оқытудың құрамдас бөлігіне айналуға тиіс. Арнайы білім салалары үздіксіз даму үстінде болғандықтан, ТД тұжырымдамасының мазмұнын нақтылау мақсатында жаңа білімді жинақтау және жаңа арнайы дағдыларды қолдану аса қажеттіліктердің бірі болып қала береді.

53. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жүргізілетін қызметтің шешуші бағыттары: үздіксіз білім беру шеңберінде мамандарды, оның ішінде жоспарлау, басқару және бұқаралық ақпарат құралдары саласында жұмыс істейтін мамандарды ТД-ға қатысты оқытуға мүмкіндіктер туғызу; қауымдастық деңгейінде ТД саласында хабардарлығын ұлғайту жөнінде өткізілетін жұмыстарға қолдау көрсету және ынталандыру; ҮЕҰ-мен ынтымақтастықты дамыту және олардың білім беру саласындағы қызметіне қолдау көрсету; ресми білім беру мекемелері мен ресми емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастыққа, сондай-ақ оқу-ағарту іс-шараларына қолдау көрсету; қоғамның кең қауымын қамту арқылы ТД мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ынталандыру болып табылады.

ТДБ-ға тарту мақсатында білім беру секторы мамандарының біліктілігін жоғарылату

54. Тұрақты даму мүддесінде білім беру жөнінде қажетті ұсыныстар жасауға және көмек беруге қабілетті болу үшін білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі педагогтар, әкімшілік қызметкерлері және басшылар өз білімдерін жоғарылатуға мүдделі болуға тиіс. Осыған байланысты ресми және ресми емес білім берудің барлық деңгейінде қызметкерлердің құзыреттілік дәрежесін жоғарылатуға күш салу керек.

55. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін:

ТД мәселелері бойынша хабардарлығын жоғарылату мақсатында әкімшілер үшін іс-шаралар ұйымдастыруды қоса алғанда, білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату; ТДБ саласындағы кәсіби білімді аттестациялау бойынша критерийлер әзірлеу; ресми білім беру мекемелерінде және ресми емес білім беру жағдайларында ТД мүддесіне сай басқару жүйелерін енгізу және дамыту; білім берудің барлық деңгейіндегі педагогтарды даярлау және қайта даярлау бағдарламаларына ТД қатысты мәселелерді енгізу; педагогтарды, оның ішінде ресми емес білім беру және оқу-ағарту саласында

жұмыс істейтін педагогтарды көтермелеу, тәжірибе алмасу басты бағыттар болып табылады.

ТДБ-ға қажетті оқу құралдары мен оқу-әдістемелік материалдардың қол жетімділігін қамтамасыз ету

56. Барлық деңгейде жалпы курстар және арнайы білім беру, сондай-ақ өздігінен білім алу шеңберінде ТДБ-ға арналған оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және оларды жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерге бейімдеу қажет.

57. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мыналар басты бағыттар болып табылады: білім беру және кәсіби даярлық жүйесінің барлық деңгейіндегі педагогтар, оқушылар, ғылыми қызметкерлер үшін бірінші кезекте жергілікті халық тілінде оқу-әдістемелік материалдар әзірлеуді және оларды жариялауды ынталандыру; оқыту және ақпарат алмасу мақсатында электрондық, аудио-, бейне және мультимедиялық құралдарды, сондай-ақ көрнекі құралдарды әзірлеу мен қолдануды көтермелеу; ТДБ қатысты ақпаратқа және ресурстарға электрондық құралдар және Интернет арқылы қол жеткізуді жеңілдету; ресми және ресми емес оқыту және оқу-ағарту ісіне арналған оқу-әдістемелік материалдар мазмұнының біркелкілігін қамтамасыз ету; ақпарат таратудың тиісті стратегиясын әзірлеу

ТДБ саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге және ТДБ-ны дамытуға ықпал ету

58. ТДБ түрлі салаларында, атап айтқанда, тиімді оқыту әдістері, бағалау құралдары, өмірлік ұстанымдар мен құндылықтарды қалыптастыру, мектеп/институционалдық дамыту және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу саласында ғылыми зерттеулер мен әзірленімдерге қажеттілік бар. ТДБ саласындағы зерттеулер мен әзірленімдер ТДБ дамыту үшін тұрақты негізді қамтамасыз етуге тиіс.

59. Ғылыми зерттеулер мен әзірленімдердің нәтижелері жергілікті, өңірлік және ғаламдық деңгейде осы процеске қатысушылардың арасында таратылуға және білім берудің түрлі сатыларында пайдаланылуға тиіс.

60. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін: ТДБ мазмұнын, оқыту және оқу әдістерін; ТДБ экономикалық тиімділігі және оны ынталандыру; жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, ТД-ның түрлі бағыттарын біріктіруге мүмкіндік беретін ғылыми зерттеулерге басты назар аудару арқылы ТД аспектілерін түрлі оқу пәндеріне енгізу нұсқаларын; ТД мақсатында білім беруді бағалау көрсеткіштері мен құралдарын, ғылыми зерттеу нәтижелерімен және озық тәжірибе мысалдарымен алмасу мәселелерін зерттеу мен пысықтауға бастама жасау мен көтермелеу шешуші бағыттар болып табылар еді.

3. Халықаралық ынтымақтастық

61. Тұрақты даму мүддесіндегі білім саласындағы ынтымақтастық жекелеген мемлекеттерде ТДБ нығайту мен жетілдіруге ықпал етумен қатар, өзара түсіністікке қол жеткізуге, сенімділікті нығайтуға және мәдени құндылықтарды құрметтеуді қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін, осы арқылы елдер мен халықтар арасында достық қатынастарды орнатуға және бейбітшілікті нығайту, халықтың әл-ауқатын жоғарылату ісіне үлес қосуға мүмкіндік береді.

62. Аймақ деңгейінде Стратегияны жүзеге асыру процесіне шолу жасау, Стратегияның жүзеге асырылуын жеңілдету және ТДБ саласындағы ынтымақтастыққа қолдау көрсету қажет. Аймақтық процесс шеңберінде Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсатында білім беру онжылдығын өткізуіне байланысты өтетін басқа да оқиғаларды ескеру қажет, олар ТДБ саласында ғаламдық бастамаларға қосқан үлес ретінде қарастырылуға тиіс.

63. Аймақтың білім беру, ең алдымен жоғары білім беру саласында халықаралық ынтымақтастық жөнінде тәжірибесі мол. Білім беру саласындағы бірқатар ұлттық және аймақаралық желілер, жұмыс топтары мен университеттер қауымдастығы, бағдарламалар мен серіктестік бірлестіктері тұрақты дамуға байланысты мәселелердің оңтайлы шешілуін қамтамасыз ету мақсатында білім берудің пәнаралық нысандарын дамыту жөніндегі жұмысқа кірісті. Басты мақсат ТДБ ынталандыру мақсатында олардың тәжірибесі мен әлеуетін барынша тиімді пайдалану жолдарын іздестіру болып табылады. Тағы да бір міндет – халықаралық аренада тиісті деңгейде көрініс таппаған ТДБ қатысты мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу болып табылады. Бұдан басқа, мектепке дейінгі және мектепте білім беру саласында ТДБ мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажеттілігі туындап отыр.

64. Білім беру саласы қызметкерлерінің, атап айтқанда, мемлекеттік қызметкерлердің, педагогтардың және ғылыми қызметкерлердің, ---- басқа да мүдделі тұлғалардың ТД және ТДБ мәселелеріне қатысты тәжірибемен және озық практикамен алмасуы үшін аймақтық және аймақаралық форумдар өткізуге баса көңіл аудару қажет.

65. ТДБ-ның көп қырлы сипаты Стратегияны іске асыру жөніндегі жұмыстар жүргізуге педагогикалық қауым өкілдеріне қоса серіктестік негізінде басқа да мүдделі халықаралық қатысушыларды шақыруды қажет етеді. Бұл бірінші кезекте түрлі санаттағы мамандар мен басшыларды ТД саласында даярлау және білім деңгейін жоғарылату мақсатын қоятын халықаралық ынтымақтастыққа қатысты.

66. БҰҰ ЕЭК аймағының түрлі бөліктері жинақталған тәжірибесіне және қалыптасқан қажеттіліктеріне байланысты ерекшеленеді. Аймақаралық ынтымақтастықты нығайту қажет. Ол осы аймақ үшін бірінші кезекте маңызы бар мәселелерді шешу жөнінде бірлескен жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді, осы арқылы елдерге барынша оңтайлы практикалық нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

67. Түрлі субрегиондардың қажеттіліктерін анықтау үшін қосымша бағалау жүргізу қажет. Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия (ВЕКЦА)²⁰ және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінің экологиялық білім беру және тұрақты даму мүддесінде білім беру саласындағы басты проблемаларын шешуге ерекше көңіл аудару қажет. Мұндай проблемалардың қатарына толыққанды оқу-әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі, жоғары білім беру жүйесінің және ғылыми-зерттеу институттарының мүмкіндіктерін толық пайдаланбау, білікті педагогтардың жетіспеушілігі және жеткілікті хабардар болмау, сондай-ақ ТДБ мәселелері бойынша ведомствоаралық және көпжақты ынтымақтастықтың жеткілікті деңгейде дамымауы жатады. Ауылдық жерлерде тұратын балаларға берілетін білім сапасының төмендігі және осы аймақтарда ТДБ дамыту үшін қаржы және адам ресурстарының тапшылығы Оңтүстік-Шығыс Еуропа және ВЕКЦА елдерінде шешілуге тиіс проблемалардың бірі болып табылады. Осылайша, өтпелі экономикалық елдерде ТД саласындағы білім беру, ғылыми-зерттеу және ақпараттық-

²⁰ Қар.: БҰҰ ЕЭК аймағының табиғат қорғау саласындағы серіктестік бірлестіктері: Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінің экологиялық стратегиясы. Стратегиялық шектеулер, «Қоршаған орта Еуропа үшін» атты министрлердің бесінші конференциясы, Киев, 2003 жыл.

насихаттау бағдарламаларына қаржылық көмек көрсету мен қолдау және олардың әлеуетін нығайту маңызды проблема болуға тиіс және оған үкімет, тиісті ұйымдар мен демеушілер тарапынан қолдау көрсетілуге тиіс²¹.

68. Шешуші бағыттар мыналар бола алар еді: ТДБ саласында жұмыс істейтін аймақтық және өңірлік одақтар мен желілерді нығайту және тәжірибе алмасу, көп жақты ынтымақтастық және серіктес бірлестіктер бағдарламаларын қолдау; қажет болған жағдайда заңдық тұрғыда міндеттейтін күші бар қолданыстағы халықаралық құжаттарды, атап айтқанда, Орхусс конвенциясын және ТД жөнінде хабардарлықты арттыруға бағытталған басқа да тиісті келісімдерді пайдалану; озық практика және тәжірибе, жаңалықтар туралы және ТДБ-ға қатысты проблемаларды шешу бойынша ынтымақтастықты дамыту жобалары және ұлттық тәжірибе туралы, мысалы, АКТ және БҰҰ ЕЭК веб-парақшасын пайдалану арқылы ақпарат алмасуға ықпал ету; ТДБ-ны екі жақты және көп жақты бағдарламаларға енгізу; ТДБ бойынша халықаралық ынтымақтастыққа ҰЕҰ және басқа да ірі бірлестердің қатысуы және оны қолдау; ТДБ саласында хабардарлықты жоғарылатуға бағытталған халықаралық шараларға қолдау көрсету және оларды үйлестіру; тәжірибе алмасуды ынталандыру

69. Басқару тиімділігін және аймақтық деңгейде байланыс орнатуды қамтамасыз ету үшін БҰҰ ЕЭК мүше-елдердің барлығында және тиісті халықаралық ұйымдарда ТДБ жөніндегі үйлестірушіні тағайындау қажет. Білім беру және қоршаған ортаны қорғау секторларының (немесе басқа қажетті секторлардың) өкілдерінен тұратын басқару комитеті Стратегияны жүзеге асыру жөніндегі одан әрі қызметті жүргізу мақсатында құрылуы мүмкін. «Қоршаған орта Еуропа үшін» процесінің тетіктерін ТДБ бойынша аймақтық ынтымақтастық орнатудағы серіктестіктің тұғырнамасы ретінде, ал БҰҰ ЕЭК экологиялық саясат жөніндегі Комитетті Стратегияны қолдау Комитетінің жұмыс бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуы барысын қарайтын орган ретінде пайдалануға болады.

70. «Қоршаған орта Еуропа үшін» атты конференцияларда министрлер Стратегияны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстардың барысын ұлттық және басқа да тиісті баяндамалар түрінде талқылауды тиімді деп табуы мүмкін. Сонымен қатар, экологиялық қызметтің нәтижелілігіне жасалған шолуға мүдделі мемлекеттердің ТДБ саласындағы істелген жұмыстарына жасалған талдауды атауға болады.

4. Функциялары және жауапкершілік салалары

71. Барлық үкіметтер өз мемлекеттерінде Стратегияны іске асыруға ықпал ету және оған қолдау көрсету ісінде белсенді рөл атқаруға тиіс. Олар басқарудың барлық деңгейінде Стратегияның жүзеге асырылу барысына баға беруге және тұрақты бақылау жасауға тиіс.

72. Білім басқармасының жергілікті органдарына және ресми білім мекемелеріне Стратегияның тиісті ережелерін жүзеге асыру және олардың орындалуына бақылау жасау жауапкершілігін өз мойнына алу ұсынылады.

73. Жергілікті басқару органдарын, білім және ғылым секторларын, денсаулық сақтау секторын, жеке меншік секторын, өнеркәсіпті, көлік және ауыл шаруашылығын, кәсіподақтарды, бұқаралық ақпарат құралдарын, үкіметтік емес ұйымдарды, түрлі қоғамдастықтарды, жергілікті халықты және халықаралық ұйымдарды қоса алғандағы

²¹ Тұрақты даму бойынша жоғары деңгейдегі Бүкіләлемдік кездесудің шешімдерін орындау жоспарын қар.

барлық мүдделі тараптарға Стратегияны жүзеге асырудағы өз басымдықтары мен жауапкершілік аясын анықтау және тиісті іс-шараларды өткізу ұсынылады.

5. Қаржыландыру

74. Стратегияны жүзеге асыру жөніндегі қызметті жеткілікті деңгейде қаржыландыру оны ойдағыдай іске асырудың алғашқы басты шарты болып табылады. Стратегияның мақсаттарына қол жеткізу үшін жүзеге асырылуға тиіс іс-шараларға жұмсалатын шығындарды нақты бағалау және осы салымдардың ақталуын қамтамасыз ету үшін қоғамды ТД саясатымен және тәжірибесімен таныстыру процесіндегі білімнің құндылығын түсінудің айтарлықтай маңызы бар. Білім беруді өзін ұзақ мерзімді перспективада ақтайтын салым ретінде қарастыру керек.

75. Осы Стратегияны жүзеге асыруға қажетті шығындарды әрбір ел өзі көтеруге тиіс. Осыған байланысты үкімет тарапынан қажетті ресурстарды қамтамасыз ету қажет. Ұсынылып отырған іс-шаралардың көпшілігі білім беру саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар аясында орындалуы мүмкін. Кейбір іс-шараларды аймақтық және өңірлік жобалар түрінде жүзеге асырған тиімді болар еді.

76. Үкімет білім берудің барлық нысандары шеңберінде ТДБ-ны қаржыландыру үшін бюджет қаражатын және экономикалық ынталандыруды, оның ішінде ТДБ бағыты бойынша стипендия тағайындау және білім беру мекемелеріндің әлеуетін көтеру жөніндегі мәселелерді қарауға тиіс. ТДБ компоненттерін екі жақты және көп жақты бағдарламаларға енгізу үшін жұмыстар жүргізілуіне тиіс. Серіктес бірлестіктер құрылуы мүмкін, олардың халықаралық қаржы мекемелерінен және жеке меншік секторынан, оның ішінде ақшалай емес түрде көмек алуын көтермелеу қажет. Стратегияны жүзеге асырудың бастапқы сатысында аймақтың кейбір елдеріне, атап айтқанда, ВЕКЦА елдеріне және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдеріне ұсынылатын қаржылық көмектің маңызы аса зор, бұл осы елдерде аталған процесті бастауға мүмкіндік береді.

6. Бағалау және жүзеге асырылу кестесі

77. Стратегияның жүзеге асырылуын бағалау үшін уақыт шектерін анықтау және тиісінше көрсеткіштер әзірлеу қажет. Адамдардың ТД мақсатында әрекет ету мүмкіндіктерін арттыру білім сапасы туралы мәселеге және оларды есепке алу нәтижелеріне саяды. Барлық нысандағы және барлық деңгейдегі білім беруге ТД аспектілерін енгізу ұзақ процесс болып табылады, сондықтан оның нәтижесіне баға беру ұзақ мерзімді перспективада іске асырылады.

78. Стратегияны жүзеге асыруды үздіксіз процесс ретінде қарастыру керек. Сонымен қатар оның іске асырылу барысына баға беруді жеңілдету үшін оны жүзеге асырудың үш кезеңін қарастыру қажет:

а) I-кезең (2007 жылға дейін): жүзеге асыруды бастау үшін тұрақты негіз құру; әрбір ел Стратегия шеңберінде қандай жұмыстар жүргізіп жатқанын анықтау ұсынылады. Бұған ағымдағы саясатты қарау, қолданыстағы құқықтық және ұйымдық негіздерін, қаржыландыру тетіктерін және білім беру саласындағы іс-шараларды қарау, сондай-ақ кез келген кедергілерді және кемшіліктерді анықтау жатады. Кемшіліктерді жою мақсатында қалыптасқан жағдайды түзету жөнінде шаралар көзделуі қажет және Ұлттық іс-қимыл жоспарының жобасын әзірлеу қажет. ТДБ баға беру әдістері мен көрсеткіштерін, атап айтқанда, сапалық параметрлерін әзірлеу қажет. Министрлер «Қоршаған орта Еуропа үшін» конференциясында өздерінің Стратегияны қолдайтынын көрсетіп, оның жетістіктерін атап, проблемалар мен толғаныстарын бөлісіп, сондай-ақ өздерінің

ұлттық/мемлекеттік стратегияларының іске асырылу барысы туралы баяндамалар ұсынуы қажет еді.

в) II-кезең (2010 жылға дейін): тиісті жағдайларда Стратегия ережелері іс жүзінде қарқынды жүзеге асырылуға тиіс. Осыған байланысты елдер өздерінің ұлттық/мемлекеттік стратегияларының жүзеге асырылу барысына шолу жасап, қажет болған жағдайда оны қайта қарауға тиіс.

с) III кезең (2015 жылға дейін және одан кейінгі жылдары). Елдер ТДБ жүзеге асыруда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге тиіс.

79. Стратегияны жүзеге асыру барысына баға беру және оны іске асырудың түпкілікті көрсеткіштерін белгілеу мақсатында бірқатар мәселелер қаралуға тиіс. Атап айтқанда, оларға мынадай блоктар: Стратегияны жүзеге асыруға ынталандыратын көшбасшылар мен үйлестірушіні анықтау; Стратегияны жүзеге асырудың негізі ретінде саяси тетіктер, нормативтік-құқықтық база және ұйымдастыру негіздері; үкіметаралық және көпжақты ынтымақтастық пен серіктестік шектері; оқу жоспарлары мен ресми білім беру бағдарламаларының өзектілігі; ТД мәселелері бойынша, атап айтқанда, педагогтар үшін кадрларды бастапқы және үздіксіз даярлау; ТДБ арналған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдар; ТДБ жөніндегі зерттеулер мен әзірленімдер, ресми емес білім беру мен оқу-ағартуды дамыту; сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарын тарту және оқушыларға ықпал ету жатады.

* * *

Ескерту

Ақпарат ретінде екі анықтамалық құжат ұсынылады: олардың біріншісінде ТД мүддесінде білім беру саласындағы бұрынғы және қазіргі халықаралық процестер көрсетіледі, ал екіншісінде Стратегияда пайдаланылатын кейбір терминдер нақтыланады.